

А.Е. Шахарова^{1*}, А.Қ. Байдақов², Г.М. Сагиндыкова³, А.Т. Әлішәріпов⁴

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан;

³Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан;

⁴Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан

¹shaharovaAliya@yandex.kz, ²a_baidakov@mail.ru, ³gsmaktobe1@mail.ru, ⁴a.alisharipov@apa.kz

¹<https://orcid.org/0000-0001-7413-8297>, ²<https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>,

³<https://orcid.org/0000-0003-0819-237X>, ⁴ORCID ID: 0009-0006-0108-0358

⁴Researcher ID: KLC-1922-202

¹Scopus Author ID: 56584760300, ²Scopus Author ID: 56717619700,

³Scopus Author ID: 57193496545

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу облысында мемлекеттік аудитті дамыту

Аңдатпа:

Мақсаты: Зерттеудің мақсаты мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру және орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу контекстінде ведомствалардың өзара әрекеттестікті және халықаралық ынтымақтастықты жақсарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.

Әдісі: Зерттеу барысында нормативтік құжаттарды талдау әдістері, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың іске асырылуына қатысты деректерді зерттеу қолданылды. Орнықты даму мақсаттарының (ОДМ) орындалуына қатысты статистикалық деректерді талдау ағымдағы практикалардың тиімділігін бағалауға, негізгі өзекті мәселелерді анықтауға және оларды жақсартуға арналған ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік берді.

Қорытынды: Зерттеу барысында Қазақстандағы мемлекеттік аудитті қалыптастырудың негізгі кезеңдері анықталып, табысты тәжірибелер мен түзетуді қажет ететін мәселелер талданды. Халықаралық ынтымақтастық пен ведомствааралық өзара әрекеттестіктің мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Тұжырымдама: Жүргізілген талдау мемлекеттік аудит бюджет қаражатын тиімді пайдалану және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды құрал болып табылатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, тұрақты даму, тұрақты даму мақсаттары, мониторинг, тиімділік, ұлттық жобалар.

Кіріспе

2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше мемлекеттер 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін қабылдады. Бұл күн тәртібі Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) деп аталып, бес негізгі бағытты қамтиды: адамдар, планета, өркендеу, бейбітшілік және серіктестік. ТДМ аясында 2030 жылға қарай қол жеткізу жоспарланған 17 негізгі мақсат, сондай-ақ 169 міндет және 242 көрсеткіш анықталған (Тұрақты даму мақсаттары, 2024). Әрбір мақсат нақты мәселелерді шешуге бағытталған және олардың жетістіктері арнайы индикаторлар арқылы өлшенеді.

Жаһандану және өршіп келе жатқан экономикалық, әлеуметтік және экологиялық сын-қатерлер жағдайында тұрақты дамуды қамтамасыз ету қазіргі таңда барлық мемлекеттердің басты міндеттерінің біріне айналуда. Мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық, қаржылық және институционалдық қолдаулар қамтамасыз етілуде. Қазақстан да өз кезегінде белсенді дамып келе жатқан ел ретінде БҰҰ бекіткен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін макроэкономикалық саясат пен мемлекеттік жоспарлау жүйесінде тиісті шараларды ендіруде. Осы мақсаттарға қол жеткізуге қатысы бар ұлттық жобалар мен стратегияларды тиімді жүзеге асыру — мемлекеттік аудит шешуші рөл атқаратын сенімді бақылау мен бағалау жүйесін талап етеді.

Зерттеудің мақсаты — тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу аясындағы міндеттерді жүзеге асырудағы Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің орнын бағалау мен даму перспективаларын айқындау.

Мемлекеттік аудит мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен стратегиялық бастамаларды іске асыру нәтижелерін бағалаудың маңызды құралы. Оның эволюциясын, Қазақстандағы заманауи

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: shaharovaAliya@yandex.kz

тәжірибелер мен проблемалық аймақтарды зерделеу мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жолдарын анықтауға және ТДМ-ға қол жеткізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның тәжірибесін зерттеу тұрақты даму жолындағы басқа елдер үшін де қызығушылық тудыруы мүмкін.

Әдебиетке шолу

Қазақстан үшін даму жоспарларына ТДМ әдіснамасы мен индикаторларын енгізу еліміздің стратегиялық жоспарлау мен мониторинг жүйесін халықаралық стандарттарға бейімдеу мен сәйкестендіруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл бағыттағы жұмыстар еліміздің стратегиялық құжаттары, соның ішінде «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясы және одан туындайтын бағдарламалармен ғаламдық даму мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған («Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 2012). Осы стратегия негізінде 2013 жылғы 3 қыркүйекте «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлық қабылданды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылауды реформалаудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылуын, сондай-ақ мемлекеттік аудиттің функционалдығын кеңейтуге арналған тәсілдер мен бағыттарды нақтылады («Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы», 2013). Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 12 қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылданды. Бұл заңда мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың нақты анықтамалары мен ерекшеліктері айқындалды (Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы, 2015).

Осы жаңартылған жүйе мен заңнамалық база елдің қаржылық бақылау мен аудит саласында халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сай болуына мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы ашықтық пен есептілікті арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттарды орындау үшін жергілікті және халықаралық деңгейде түрлі шаралар қабылданып, мемлекеттер мен ұйымдар арасында тығыз ынтымақтастық орнатылған. Қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының Халықаралық ұйымы (INTOSAI) ұсынатын стандарттарды жергілікті жағдайларға бейімдеу мемлекеттік аудиттің дамуына елеулі үлес қосып, аудиторлық тексерулердің сапасы мен ашықтығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. INTOSAI стандарттары, оның ішінде ISSAI (International Standards of Supreme Audit Institutions), мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың жалпы және рәсімдік стандарттарын әзірлеудің негізі болып саналады (Стандарты аудита — INTOSAI, 2024).

Соңғы жылдары ғылыми басылымдарда ТДМ-ға қол жеткізудегі мемлекеттік аудиттің рөлі белсенді түрде талқыланып келеді. Бұл бағытта тұрақты дамудың мақсаттары мен міндеттерін іске асырудағы жоғары аудит органдарының рөлі мен орнына арналған Б.А. Алибекованың зерттеуін ерекше атап өту маңызды. Автор өз зерттеуінде мемлекеттік аудиттің ТДМ-ға жетудегі маңызды функцияларын және аудит органдарының тұрақты даму үдерісіндегі рөлін тереңінен қарастырады, ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды мониторингілеу мен бағалауда шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді (Алибекова Б.А., 2021). Бұған қоса, М. Нурланова мен Е. Ермаханов өз зерттеуінде халықаралық тәжірибеде қолданылатын озық әдістер мен тәсілдерге және олардың мемлекеттік аудиттің сапасын жақсарту үшін Қазақстанда бейімдеу мүмкіндіктеріне назар аударады (Нурланова М., Ермаханов Е., 2023). Зерттеу барысында авторлар халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді талдай отырып, оларды Қазақстанның ерекше жағдайларына сәйкес келтіру жолдарын ұсынып, аудиттік процестерді жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін зерттейді.

Бұл бағыттағы зерттеулер шетелдік басылымдарда да өте өзекті мәнге ие. Кейбір елдер мен ұйымдардың осы мақсаттарға жету жолындағы нақты тәжірибелері мен жетістіктері бүкіл әлем бойынша үлгі ретінде көрсетілуде. Lexis Alexander, Cletus Agyenim-Boateng және Samuel Nana дамушы мемлекеттерде тұрақты дамуды қолдаудағы мемлекеттік аудиттің рөлін зерттеп, аудиторлық тәжірибелердің осы мақсаттарды жүзеге асыруға әсерін қарастырады. Олар әртүрлі елдерде аудиторлық әдістердің сәтті қолдану мысалдарын келтіре отырып, мемлекеттік аудиттің тұрақты даму мақсаттарына жетудегі маңызды рөлін талдайды (Lexis Alexander Tetteh, Cletus Agyenim-Boateng, Samuel Nana Yaw Simpson, 2022). Einar Gorrissen зерттеуі ТДМ жүзеге асырудағы Қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының (ҚБЖО) маңыздылығына, осы бағыттағы олардың алдында тұрған мәселелер мен мүмкіндіктерге арналған. Ол ҚБЖО жұмысының мемлекеттік сектордағы аудиттің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтеді, сонымен қатар күшті және тәуелсіз

ҚБЖО-ның тиімді мемлекеттер құру, демократиялық даму және үкіметтерге деген сенім негізін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алатындығын көрсетеді (Einar Gorrissen, 2020). Бұл қорытындылардың Қазақстан алдында тұрған міндеттерге тікелей қатысы бар.

Әдебиеттерге шолу. Қазақстанда мемлекеттік аудитті дамыту процесінің халықаралық стандарттарды бейімдеуді, практикалық аспектілерді зерттеуді және халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимылды қамтитын көп қырлы екенін көрсетеді. Осы саладағы зерттеулер ТДМ-ға жету және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудит жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер мемлекеттік аудиттің халықаралық тәжірибеге негізделген стандарттарын енгізу, әдіснамалық тәсілдерді онтайландыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы аудиторлық қызметтің тиімділігін арттыруды көздейді.

Әдістер

Материалдар ретінде ҚР Жоғары аудиторлық палатасының (ЖАП) есептері, Ұлттық баяндамалар, мемлекеттік органдардың есептері, даму институттары мен зерттеу ұйымдарының талдамалық материалдары, атап айтқанда, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ талдамалық ақпараттары пайдаланылды. Сонымен қатар, даму стратегиялары мен ұлттық жобаларда келтірілген деректер де қамтылды. Бұдан басқа, БҰҰ, Дүниежүзілік банк және INTOSAI сияқты халықаралық ұйымдардың есептері, нұсқаулықтары мен ұсынымдары зерттелді.

Зерттеу жүргізу барысында құжаттарды талдау әдістері, соның ішінде ресми есептер мен жобалардың мазмұнды талдауы қолданылды. Аудиторлық әдістерді сәтті қолданудың нақты мысалдарын зерттеу үшін кейстерді талдау әдісі пайдаланылды. ТДМ жүзеге асыру жөніндегі деректерге статистикалық талдау жүргізілді, бұл қалыптасқан жағдайда орын алған негізгі өзекті проблемаларды айқындауға, ағымдағы тәжірибелердің тиімділігін бағалауға және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер


Тұрақты даму мақсаттарын орындауға міндеттеме алған ел ретінде Қазақстан 2022 жылдың шілдесінде БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі саяси форумы аясында ТДМ іске асыру бойынша өзінің екінші ерікті ұлттық шолуын ұсынды (алғашқы шолу 2019 жылы өткізілген). Бұл шолуда жетістіктерге талдау жасалып, сын-қатерлер айқындалды, сонымен қатар ТДМ-ға қол жеткізу үшін қабылданған шаралар мен стратегиялардың тиімділігі бағаланды (Второй добровольный национальный обзор по реализации ЦУР, 2015). Қазақстанның даму саласындағы саясаты 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібімен көптеген аспектілерде үйлесімді болып келеді. Бұл сәйкестік елдің ТДМ-ға қол жеткізу жолындағы саяси және бағдарламалық шараларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Екінші ерікті ұлттық шолу барысында ұсынылған деректер мен сараптамалық талдаулар, сондай-ақ қолданылған стратегиялық шаралар, еліміздің тұрақты даму мақсаттарына жетудегі жетістіктерін одан әрі нығайтуға және анықталған мәселелерді шешуге бағытталған болашақ жоспарларды қалыптастыруға негіз болады.

2024 жылғы Тұрақты даму туралы баяндаманың қорытындысы бойынша Қазақстан ТДМ іске асыру бойынша рейтингте 167 ел арасында 71,1 балл жинап, 66-шы орын деңгейіндегі өткен жылғы өз орнын сақтап қалды (Казахстан сохранил свои позиции в Индексе Целей устойчивого развития, 2024). Рейтингте алғашқы үштікті Финляндия, Швеция және Дания бастайды; мақсаттарды жүзеге асыру бойынша рейтингте Молдова (27), Беларусь (30), Қырғызстан (48) орындарды иеленіп, он нәтижелерді көрсетіп отыр; Қытай (68), Түркия (72) орындармен кейбір мақсаттарды жүзеге асыруда (саяси жағдай, адам құқықтары, экология және т.б.) кедергілерге ұшырап отыр.

Баяндамада еліміздің 1-мақсат «Кедейлікті жою» бағытында қол жеткізілген оң көрсеткіштерге баса назар аударылғанымен, «Денсаулық пен амандық», «Сапалы білім беру», «Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар» және басқа да алты мақсат бойынша күрделі проблемаларға тап болып отыр. Сонымен қатар, 2021 жылы елімізде ендірілген мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі аясында бекітілген 10 ұлттық жобаны (денсаулық сақтау, сапалы білім, рухани жаңғыру, ... ұлттық қауіпсіздік) тиімді жүзеге асыру ұлттық ресурстарды басқарудағы талаптар күшейіп отыр. Бұл жағдай сыртқы мемлекеттік аудиттің міндеттерін айтарлықтай арттырады.

Тұрақты даму тақырыбы барлық мемлекеттерде ұлттық деңгейдегі аудиттің жоғары органдарының (АЖО) қызметінде маңызды рөл атқаруы тиісті. Сол себепті де 2016 жылы Абу-Дабиде өткен INTOSAI XXII Конгресінде Тұрақты даму мақсаттарының орындалуын бақылау мен

бағалаудағы АЖО рөлі негізгі талқылау тақырыбына айналып, ұлттық үкіметтерге АЖО-ның өз саласындағы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін шарттарда жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мәселесі бағытталды (Abu Dhabi Declaration, 2017). INTOSAI аудиттің жоғары органдарының қол жеткізілген жетістіктер мен кемшіліктерді ашық көрсетуге шақырады. Осы мақсатта 2024 жылы INTOSAI алғашқы нұсқаулықтар мен ұсынымдарды да дайындады (1-сурет).



1 сурет. Тұрақты даму мақсаттарының аудитін жүргізуге INTOSAI ұсынымдары

Дереккөз — (IDI's SDGs Audit Model ISAM, 2024 [13]) дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды

1-суретте келтірілген INTOSAI ұсынымдарының негізгі тұжырымы — ұлттық деңгейдегі жоғары аудит органдарына ТДМ аудитін екі кезеңде жүргізуді ұсынады: 1) ұлттық үкіметтің (мемлекеттік басқару жүйесінің) ТДМ-ды ендіруге дайындығының аудитін жүргізу; 2) ТДМ-ның орындалуының аудитін жүргізу.

ТДМ-ның тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін деректерді жинау және бақылау ғана емес, оларды талдау және бағалау да маңызды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасының ТДМ-ды жүзеге асыруда кеңінен пайдалануға болатын жеткілікті мүмкіндіктері бар деп есептейміз. Біздің ойымызша, ЖАП мемлекеттің стратегиялық серіктесі болуға және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді бағалау бойынша сараптамалық-талдау іс-шараларына белсенді қатысуы тиісті. Дегенмен, ҚР Премьер-министрінің 15.08.2018 ж. тапсырмасы бойынша құрылған ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесі құрылымында ҚР ЖАП міндеттері қарастырылмаған. Осыған байланысты ҚР жоғары аудиторлық палатасын ТДМ мәселелері бойынша үйлестіру механизмі құрамына ендіру ұсынылады. Елімізде ТДМ жүзеге асыру мен мемлекеттік басқару жүйесі, сондай-ақ оның ресурстық қамтамасыз етілуі арасындағы өзара тиімді байланысты құру жөніндегі әрекеттерді ҚР ЖАП жүзеге асыра алар еді.

Қазақстанда ТДМ жүзеге асыруды үйлестірудегі негізгі әдіснамалық мәселелердің бірі — ТДМ-ның орындалуы мен мақсатты индикаторларға қол жеткізу дәрежесін нақты бағалау. Халықаралық деңгейде мұндай әдіснамалар дайындалған және оларды арнайы сарапшылар топтары қолданады. Қазақстанда осы әдіснамаларды ұлттық контексте тиімді түрде бейімдеп, жүзеге асыру маңызды міндет болып отыр. Елімізде гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобалар аясында «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Ұлттық статистика бюросы дайындаған немесе басқа да әдіснамалар нормативті бекітілген, мойындалған немесе ұсынылған механизм емес, зерттеу сипатына ие.

Талқылау

Сонымен қатар, қазіргі таңда бизнес-қоғамдастықтың, азаматтық қоғамның және беделді сарапшылар қауымдастығының ТДМ проблемаларына қызығушылығының айтарлықтай артқаны байқалады. Бұл үрдісті атап өту өте маңызды, себебі бұл қоғамдық және кәсіби топтардың ұлттық жобалар мен ресурстарды басқару сапасын арттыруға қосып жатқан үлестерін көрсетеді.

2021 жылдан бастап елімізде мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі ендірілуіне орай мемлекеттік жоспарлау жүйесіне жаңа құжат — Жалпыұлттық басымдықтар енгізілді; Қазақстанның Стратегиялық даму жоспары Ұлттық даму жоспарына айналды; қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген көлемді мемлекеттік бағдарламалардан Ұлттық жобаларға көшу көзделді. Жаңа жоспарлау жүйесінің зерттеу тақырыбына қатысты бір ерекшелігі — мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында ТДМ индикаторлары, олардың өлшемдері, орындау мерзімі секілді параметрлер қамтылуы тиісті (Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы, 2017). Олар өз кезегінде сала, аумақтар мен аудан деңгейлеріндегі жоспарларда қамтылады.

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ ҚР Мемлекеттік жоспарлау құжаттары жүйесіндегі орнықты даму мақсаттары мен міндеттерінің үйлесіміне Жылдам интеграцияланған бағалау (QIA) арқылы алынған нәтижелер 2-суретте келтірілген.



2-сурет. ТДМ міндеттерінің мемлекеттік жоспарлау жүйесімен үйлесімі

Дереккөз — «Национализация Целей устойчивого развития в Казахстане» (2024) [15] дереккөзі негізінде құрастырылды

ТДМ жөніндегі Кеңес құрылымына енген, негізгі міндеті мониторинг және статистикалық деректерді жинау, өңдеу және ұсынумен байланысты Ұлттық статистика бюросы ұсынатын ұлттық көрсеткіштер жүйесі 262 көрсеткішті қамтиды (Национализация Целей устойчивого развития в Казахстане, 2024). ТДМ қатысты барлық көрсеткіштердің деңгейі динамикада бюро сайтында көрсетілген.

2-суретте келтірілген зерттеу нәтижелері бойынша 6 мақсат қана мемлекеттік жоспарлау жүйесімен 100 % толық үйлестіріліген: оның себебі осы мақсаттар бойынша елімізде жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, білім беру, инновацияларды ендіру және т.б. бірнеше ұлттық жобаның болуы мен жүзеге асырылуымен байланысты. Басқа мақсаттар бойынша (мұхит экожүйелерінен басқа) үйлестіру жұмыстары жалғастырылуда.

ЖАП тәуелсіз орган ретінде мемлекеттік ресурстарды басқаруда және Қазақстанда ТДМ-ға қол жеткізуде ашықтықты, тиімділік пен жауапкершілікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Оны ТДМ іске асыруды үйлестіру тетігіне енгізу тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу процесі мен нәтижелерін тәуелсіз және объективті бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүзеге асырылып жатқан ұлттық жобалардың міндеттері мен көрсеткіштерінің орындалуына ЖАП жүргізген талдау мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында бекітілген нысаналы параметрлерден іс жүзінде артта қалушылықтарға байланысты жалпыұлттық мақсаттардың орындалмауының тәуекелі бар екендігін айғақтайды. Атап айтқанда:

– көптеген сарапталатын көрсеткіштердің есепті кезеңдегі нақты орындалуы бойынша ресми статистикалық деректер бағалаудан кейін (кейде кешігіп) жарияланады. Бұл ұлттық жобаларды іске асыру процесін толыққанды талдауға және объективті қорытындыларды қалыптастыруға қиындық тудырады;

– ұлттық жобаларды іске асыруда орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында өзара байланысты тиімді іс-қимылының әлсіздігі мәселесі; қатаң әкімшілендіру, бір-бірін қайталайтын көптеген құжаттар;

– жобаларды дайындау барысында мақсатты индикаторларды сапасыз жоспарлау мен болжау (асыра болжау) салдарынан жекелеген жоспарланған көрсеткіштерді асыра орындау/орындамау мәселелері;

– жобаларды қаржыландыру сомасына жиі түзетулер ендіру, бөлінген қаражатты толық игермеу жағдайында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу, не қаражатты үнемсіз пайдалану жағдайлары. Бұл ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруда бақылау тетіктерінің тиімсіздігін көрсетеді.

Айталық, 2022 жылы Президент жарлығымен бекітілген 10 ұлттық жобаның тоғызын («Қауіпсіз ел» жобасын қоспағанда) жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен 8,1 трлн теңге бөлініп, жобаларды жүзеге асыруда қаражатты игеру 98,1 % құраған. 2022 жылы 9 ұлттық жоба бойынша жалпы жүзеге асырылып жатқан 189 шараны қаржыландыру сомасына тиісті түзетулер енгізілген: 107 шара бойынша қаржыландыру сомасы 195,2 млрд теңгеге қысқартылған; қалған жағдайларда

қаржыландыру сомасы ұлғайған (Краткое заключение к отчету правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета, 2022).

2023 жылы ЖАП алғаш рет пилоттық эксперименттік экономикалық-математикалық модельді қолдана отырып, ұлттық жобалардың жүзеге асырылуына бағалау жүргізді. Бұл бағалаудың нәтижелері бойынша алынған қорытындылар осы жобаларды орындаушылардың есептері негізінде дайындалған сараптамалық қорытындылармен сәйкес келеді (1-кесте).

ЖАП жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобаларды іске асыру аудитінің нәтижелері бойынша келесідей жүйелік кемшіліктерді атап өтеді:

- жыл соңында бюджет қаражатын игерудің төмен деңгейі;
- нормативтік-құқықтық реттеу механизмінің жетілмегендігі;
- стратегиялық және ағымдағы жоспарлау сапасының сын көтермеуі;
- атқарушы билік органдары қызметінің мақсаттары, міндеттері, мақсатты индикаторлар мен оларды қаржылық қамтамасыз етуді үйлестіруде жүйелілік, тараптар арасында қызығушылық жоқ;
- жауапты органдардың баяндамалары мен есептерінде мақсатты индикаторлардың орындалмауының себептері бағаланып, жан-жақты талданбайды, құжаттардың формальды сипатына, жекелеген деректердің толық еместігі мен дәйексіздігіне байланысты осы есептер жоғары деңгейде басқарушылық шешімдер қабылдау құралы ретінде пайдалануға жарамсыз, тиімділігі жоқ.

1-кесте. Ұлттық жобалардың жүзеге асырылуын экспресс-бағалау нәтижелері

№	Ұлттық жоба	Ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық әсерді интегралдық бағалау
1	«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы	Орташа әсер
2	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы	Төмен әсер
3	«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы	Төмен әсер
4	«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы	Орташа әсер
5	Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба	Төмен әсер
6	«Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы	Төмен әсер
7	«Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы	Төмен әсер
8	«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы	Төмен әсер
9	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба	Төмен әсер

Дереккөз – «Краткое заключение к отчету правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета» (2022) [16] дереккөзі негізінде құрастырылған

Осылайша, ұлттық және тұрақты даму мақсаттарында көзделген индикаторларды жүзеге асыруда ЖАП стратегиялық қозғаушы күшке айналуы тиіс.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта ұлттық индикаторларға ревизия жүргізу және олардың кейбірінің мәртебесін қайта қарау қажеттілігі бар. Атап айтқанда, өзекті санатқа барлық вакциналармен имундаумен қамтылған халықтың үлесі, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері, парниктік газдар шығарындыларының көлемі және т.б. бойынша индикаторларды қосу ұсынылады. Бұл Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуі жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, тұрақты даму бағытында сыртқы мемлекеттік аудитті дамыту неғұрлым тұрақты өңірлер мен тұтастай алғанда жауапты қоғам құруға ықпал ете отырып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақстандағы мемлекеттік аудит стратегиялық бағдарламалар мен ұлттық жобалардың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ете отырып, тұрақты дамуды қолдауда маңызды рөл атқаруы тиіс. Мемлекеттік аудит тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы сәйкессіздіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзетуге және жетілдіруге көмектеседі. Алайда, ТДМ-ның аудитін мемлекеттік аудит практикасына енгізу қолданыстағы әдіснамалар мен құралдарды бейімдеуді талап етеді. Зерттеу нәтижелері ТДМ-ды аудиторлық процестермен үйлестіру ұлттық және халықаралық мақсаттарға қол жеткізудегі прогресті тиімдірек бақылауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар, ТДМ аясында мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру үшін Қазақстанға үлкен деректер мен аналитика сияқты инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу қажет. Зерттеу барысында

қаржылық ресурстардың, білікті мамандардың жетіспеушілігі және деректерді жинау мен талдаудағы қиындықтар сияқты мәселелер анықталды, бұл аудиторлық қызметтің тиімділігін арттыру және ТДМ жүзеге асыруға ықпалын жақсарту үшін жедел шешуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

- Abu Dhabi Declaration. [Electronic resource]. Access mode: https://intosairussia.org/images/reports/EN_AbuDhabiDeclaration.pdf
- Einar Gorrissen. The role of the INTOSAI Development Initiative (IDI) in strengthening the capacity and performance of supreme audit institutions in developing countries / Gorrissen Einar // Journal of Public Budgeting, Accounting. – 2020. — № 32 (4). — P. 729–733.
- IDI's SDGs Audit Model (ISAM). — 2024. — [Electronic resource]. Access mode: <https://idi.no/elibrary/relevant-sais/auditing-sustainable-development>
- Lexis Alexander Tetteh. Institutional pressures and strategic response to auditing implementation of sustainable development goals: the role of public sector auditors / Lexis Alexander Tetteh, Cletus Agyenim-Boateng, Samuel Nana Yaw Simpson // Journal of Applied Accounting Research. — 2022. — No 24(2). — P. 403–423.
- «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000634>
- «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000079>
- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
- «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
- Алибекова Б.А. Роль и место высших органов аудита в реализации целей и задач устойчивого развития / Б.А. Алибекова // Сб. докл. Междунар. науч.-практ. конф. «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности». — Нур-Султан, 2021. — С. 135–142.
- Второй добровольный национальный обзор по реализации ЦУР. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://eri.kz/ru/Celi_ustojchivogo_razvitija
- Казахстан сохранил свои позиции в Индексе Целей устойчивого развития. — 2024. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://eri.kz/ru/Novosti_instituta
- Краткое заключение к Отчету Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета за 2022 год. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.gov.kz/uploads/2023/5/18/f1f30399b1cf29f090a2a7a39>
- Национализация Целей устойчивого развития в Казахстане. АО «Институт экономических исследований». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://economy.kz/ru/Celi_ustojchivogo_razvitija/Koordinacionnyj/
- Нурланова М. Зарубежный опыт проведения аудита эффективности политики реализации целей устойчивого развития / М. Нурланова, Е. Ермаханов // Мемлекеттік аудит — Государственный аудит. — 2023. — Т. 60. — № 3. — С. 123–133.
- Стандарты аудита — INTOSAI. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.intosai.org/ru/napravlenija-dejatelnosti/standarty-audita.html>
- Тұрақты даму мақсаттары. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://egov.kz/cms/kk/zur>

А.Е. Шахарова¹, А.Қ. Байдақов², Г.М. Сагиндыкова³, А.Т. Алишарипов⁴

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан;

²Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан;

³Казахский университет технологии и бизнеса имени К. Кулажанова, Астана, Казахстан;

⁴Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан

¹shaharovaAliya@yandex.kz, ²a_baidakov@mail.ru, ³gsmaktobe1@mail.ru, ⁴a.alisharipov@apa.kz

¹<https://orcid.org/0000-0001-7413-8297>, ²<https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>,

³<https://orcid.org/0000-0003-0819-237X>, ⁴ORCID ID: 0009-0006-0108-0358

⁴Researcher ID: KLC-1922-202

¹Scopus Author ID: 56584760300, ²Scopus Author ID: 56717619700,

³Scopus Author ID: 57193496545

Развитие государственного аудита в области достижения Целей устойчивого развития

Аннотация:

Цель: Цель исследования заключается в разработке рекомендаций по улучшению межведомственного взаимодействия и международного сотрудничества в контексте повышения эффективности государственного аудита и достижения Целей устойчивого развития (ЦУР).

Методы: Для проведения исследования были применены методы анализа нормативных документов, а также изучения данных, касающихся реализации государственных программ и проектов. Статистический анализ данных по реализации ЦУР позволил выявить актуальные проблемы, оценить эффективность текущих практик и разработать рекомендации по их улучшению.

Результаты: В процессе исследования были выделены ключевые этапы формирования государственного аудита в Казахстане, а также проведен анализ успешных практик и проблем, требующих корректировки. Особое внимание было уделено вопросам международного сотрудничества и межведомственного взаимодействия.

Выводы: Проведенный анализ свидетельствует о том, что государственный аудит представляет собой значимый инструмент для повышения эффективности использования бюджетных средств и достижения целей устойчивого развития.

Ключевые слова: государственный аудит, устойчивое развитие, цели устойчивого развития, мониторинг, эффективность, национальные проекты.

A.E. Shaharova¹, A.K. Baidakov², G.M. Sagindykova³, A.T. Alisharipov⁴

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

²S. Seifullin Kazakh AgroTechnical Research University, Astana, Kazakhstan;

³K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan;

⁴Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

¹shaharovaAliya@yandex.kz, ²a_baidakov@mail.ru, ³smaktobe1@mail.ru, ⁴a.alisharipov@apa.kz

¹<https://orcid.org/0000-0001-7413-8297>, ²<https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>,

³<https://orcid.org/0000-0003-0819-237X>, ⁴ORCID ID: 0009-0006-0108-0358

⁴Researcher ID: KLC-1922-202

¹Scopus Author ID: 56584760300, ²Scopus Author ID: 56717619700,

³Scopus Author ID: 57193496545

Development of public audit in the field of achieving the sustainable development goals

Abstract.

Object: The aim of the study is to develop recommendations for improving inter-agency interaction and international cooperation in the context of enhancing the effectiveness of state auditing and achieving the Sustainable Development Goals (SDGs).

Methods: The study employed methods for analyzing regulatory documents and examining data related to the implementation of state programs and projects. Statistical analysis of data on the implementation of the SDGs allowed for the identification of key pressing issues, assessment of the effectiveness of current practices, and the development of recommendations for improvement.

Findings: The study identified key stages in the formation of state auditing in Kazakhstan and analyzed successful practices and issues requiring adjustment. Special attention was given to international cooperation and inter-agency interaction.

Conclusions: The analysis indicates that state auditing is a significant tool for enhancing the effectiveness of budget expenditure and achieving the Sustainable Development Goals.

Keywords: state audit, sustainable development, sustainable development goals, monitoring, efficiency, national projects.

References:

(2012). «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi baғыty QR Prezidenti N.Nazarbaevtyñ 2012 jylғы 14 jeltoqsandaғы Qazaqstan halqyna Joldaуy [Strategy “Kazakhstan-2050” new political course of the established State address of the president of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan dated December 14, 2012]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050 [in Kazakh].

(2013). «Qazaqstan Respublikasynda memlekettik auditti engizu tūjyrymdamasyn bektu turaly» QR Prezidentiniñ 2013 jylғы 3 qyrkūiektegi № 634 Jarlyғы [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 3,

- 2013 No. 634 “On approval of the Concept of State Audit implementation in the Republic of Kazakhstan”]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000634> [in Kazakh].
- (2015). «Memleketтік audit және qarjylyq baqylau turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵy 12 qaraşadaǵy № 392-V Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 12, 2015 No. 392-V of the Republic of Kazakhstan “On state audit and financial control”]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392> [in Kazakh].
- (2017). «Qazaqstan Respublikasyndaǵy memleketтік josparlau júiesin bekitu turaly» QR Úkımetınıñ 2017 jylǵy 29 qaraşadaǵy № 790 qaulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated November 29, 2017 No. 790 “On approval of the state planning system in the Republic of Kazakhstan”]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000079> [in Kazakh].
- (2024). International Development Institutes’s Sustainable Development Goals Audit Model (Integrated Sustainable Assessment Mode). *idi.no*. Retrieved from <https://idi.no/elibrary/relevant-sais/auditing-sustainable-development>.
- (2024). Kazakhstan sokhranil svoi pozitsii v Indekse Tselei ustoichivogo razvitiia [Kazakhstan has maintained its position in the Sustainable Development Goals]. *eri.kz/ru*. Retrieved from https://eri.kz/ru/Novosti_instituta [in Russian].
- Abu Dhabi Declaration. *intosairussia.org*. Retrieved from https://intosairussia.org/images/reports/EN_AbuDhabiDeclaration.pdf
- Alibekova, B.A. (2021). Rol i mesto vysshikh organov audita v realizatsii tselei i zadach ustoichivogo razvitiia [The role and place of the supreme audit institutions in the implementation of the goals and objectives of sustainable development]. *Sbornik dokladov Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii «Sistema gosudarstvennogo audita v usloviakh novoi istoricheskoi realnosti» — Collection of reports of the International scientific and practical Conference “The system of state audit in a new historical reality”* Nur-Sultan, 135–142 [in Russian].
- Einar Gorrissen. (2020). The role of the INTOSAI Development Initiative (IDI) in strengthening the capacity and performance of supreme audit institutions in developing countries. *Journal of Public Budgeting, Accounting*, 32 (4), 729–733.
- Kratkoe zakliuchenie k Otchetu Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ob ispolneniiu respublikanskogo biudzheta za 2022 god [A brief conclusion to the Report of the Government of the Republic of Kazakhstan on the implementation of the republican budget for 2022]. *gov.kz*. Retrieved from <https://www.gov.kz/uploads/2023/5/18/f1f30399b1cf29f090a2a7a39> [in Russian].
- Lexis Alexander Tetteh, Cletus Agyenim-Boateng, & Samuel Nana Yaw Simpson. (2022). Institutional pressures and strategic response to auditing implementation of sustainable development goals: the role of public sector auditors. *Journal of Applied Accounting Research*, 24(2), 403–423.
- Natsionalizatsiia Tselei ustoichivogo razvitiia v Kazakhstane. AO «Institut ekonomicheskikh issledovaniï» [Nationalization of the Sustainable Development Goals in Kazakhstan. JSC “Institute of Economic Research”]. *economy.kz*. Retrieved from https://economy.kz/ru/Celi_ustojchivogo_razvitija/Koordinatsionnyj/ [in Russian].
- Nurlanova, M. & Ermahanov, E. (2023). Zarubezhnyi opyt provedeniia audita effektivnosti politiki realizatsii Tselei ustoichivogo razvitiia [Foreign experience in auditing the effectiveness of policies for the implementation of Sustainable Development Goals]. *Memleketтік audit — State audit*, 60(3), 123–133 [in Russian].
- Standarty audita — International Organization of Supreme Audit Institutions. *intosai.org*. Retrieved from <https://www.intosai.org/ru/napravlenija-dejatelnosti> [in Russian].
- Túraqty damu maqsattary [Sustainable Development Goals]. *egov.kz*. Retrieved from <https://egov.kz/cms/kk/zur>. [[in Kazakh](#)]
- Vtoroi dobrovolnyi natsionalnyi obzor po realizatsii Tselei ustoichivogo razvitiia [The second voluntary national review on the implementation of the Sustainable Goal Index]. *eri.kz/ru*. — Retrieved from https://eri.kz/ru/Celi_ustojchivogo_razvitija [in Russian].